**«COCA-COLA-мен FIFA WORLD CUP 26™ КӨРІП, ЖҮЛДЕЛЕР ҰТЫП АЛ!»**
**ЫНТАЛАНДЫРУ ІС-ШАРАСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл ынталандыру іс-шарасын өткізу ережелері (бұдан әрі – «**Ереже**») «Coca-Cola-мен FIFA World Cup 26™ көріп, жүлделер ұтып ал!» атты ынталандыру іс-шарасын (бұдан әрі – «**Іс-шара**») өткізу реті мен тәртібін анықтайды.
1.2. Іс-шараның мақсаты – «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС The Coca-Cola Company (Дзе Кока-Кола Компани) сауда белгілерімен өндіретін (импорттайтын), сататын және жарнамалайтын алкогольсіз сусындардың сатылымын ынталандыру.

1.3. Іс-шараға тұлғалар ерікті қатысады, сондықтан тұлғаның Іс-шараға қатысу ниетімен жасаған кез-келген әрекеті оның осы Ережені ешқандай шартсыз немесе шектеусіз толық және сөзсіз қабылдайтынын білдіреді.

1.4. Іс-шара Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лотерея, құмар ойны, бәс тігу немесе тәуекелге негізделген өзге келісім болып табылмайды және оған қатысу үшін бөлек төлем талап етілмейді.

1.5. Осы Ережемен www.galmart.kz веб-сайтында қазақ және орыс тілдерінде танысуға болады. Ереженің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалары арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда, орыс тіліндегі нұсқа басым күшке ие болады.

## 2. ІС-ШАРАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСІ

2.1 Іс-шараны ұйымдастырушы – «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС, БСН: 010140000669, тіркелген мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Алмалы ауданы, Гоголь к-сі, 203/73-үй, A05D0G0 (бұдан әрі – "**Ұйымдастырушы**").

2.2 Іс-шараның серіктесі – «Жеті Аспан» ЖШС, БСН: 100840010829, тіркелген мекенжайы: Қазақстан, Астана қ., Есіл ауданы, Достық к-сі, 12-үй, 154-пәтер (бұдан әрі – «**Серіктес**»).

## 3. ІС-ШАРА КЕЗЕҢІ МЕН АУМАҒЫ

3.1 Іс-шара Алматы қ. уақыты бойынша 2026 жылдың 15-сәуірі сағат 10:00 мен 2026 жылдың 30-маусымы сағат 23:59 аралығында өтеді.
3.2 Іс-шара «Galmart» сауда желісінің Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан стационарлық сауда нүктелерінде өтеді. Іс-шараға қатысатын сауда нүктелерінің ағымдағы тізімі мен мекенжайлары «Galmart» сауда желісінің ресми www.galmart.kz веб-сайтында жарияланған.

## 4. ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСАТЫН ТАУАРЛАР

4.1. Іс-шараға Ұйымдастырушының төменде көрсетілген тауарлары (бұдан әрі – «**Тауар**») қатысады:

| № | Тауар атауы | Көлемі | Қаптама түрі | Штрихкод |
|---|---|---|---|---|
| 1 | COCA-COLA CLASSIC | 500 мл | ПЭТ | 54491472 |
| 2 | COCA-COLA ZERO SUGAR | 500 мл | ПЭТ | 5449000131836 |
| 3 | FANTA АПЕЛЬСИН | 500 мл | ПЭТ | 40822938 |
| 4 | SPRITE | 500 мл | ПЭТ | 54491069 |
| 5 | COCA-COLA CLASSIC | 450 мл | Қ/Б | 5449000058782 |
| 6 | COCA-COLA ZERO SUGAR | 450 мл | Қ/Б | 5449000335159 |
| 7 | FANTA АПЕЛЬСИН | 450 мл | Қ/Б | 5449000325907 |
| 8 | FANTA ЛИМОНАД | 450 мл | Қ/Б | 5449000329424 |
| 9 | FANTA АНАР | 450 мл | Қ/Б | 5449000337634 |
| 10 | FANTA АНАНАС | 450 мл | Қ/Б | 5449000105950 |
| 11 | SPRITE | 450 мл | Қ/Б | 5449000325891 |
| 12 | SPRITE МОХИТО | 450 мл | Қ/Б | 5449000345066 |

## 5. ІС-ШАРА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

5.1. Іс-шараға қатыса алатын тұлғалар:

1) Іс-шараға қатысу кезінде 18 (он сегіз) жасқа толған, заңды әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасы азаматтары;

2) Іс-шараға қатысу кезінде 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты бар және оның аумағында тұрақты тұратын, заңды әрекетке қабілетті шетел азаматтары.

5.2. Іс-шараға қатыстырылмайтын тұлғалар:

1) осы Ереженің 5.1-тармағының талаптарына сай келмейтін тұлғалар;

2) Ұйымдастырушының, Серіктестің және олардың еншілес тұлғаларының қызметкерлері, лауазымды тұлғалары және уәкілетті өкілдері;

CONFIDENTIAL

3) Іс-шараны дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге тікелей немесе жанама қатысатын үшінші тұлғалардың қызметкерлері, лауазымды тұлғалары және уәкілетті өкілдері, сондай-ақ мұндай үшінші тұлғалардың еншілес тұлғалары;

4) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне сәйкес жақын туыстары.

5.3. Заңды әрекетке қабілеті шектеулі және қабілетсіз тұлғалар Іс-шараға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды өкілдері арқылы қатыса алады.

5.4. Егер Ұйымдастырушы немесе Серіктес қатысушының Іс-шараға қатысуға құқығы жоқ екенін анықтаса, Ұйымдастырушы және Серіктес мұндай жеке тұлғаны Қатысушы немесе Жеңімпаз деп танудан, оның шығындарын өтеместен оған Жүлде немесе Кәдесый беруден бас тартуға, сондай-ақ бұрын берілген кез-келген Жүлдені немесе Кәдесыйды қайтаруды талап етуге құқылы.

5.5. Қатысушы өзінің Іс-шараға қатысуына ешқандай шектеу жоқ екенін және осы Ереженің талаптарына сай екенін өзі тексеруге міндетті. Ұйымдастырушы мен Серіктес қатысуға құқығы жоқ жеке тұлғалардың Іс-шараға қатысуына жауап бермейді. Жалған ақпарат беру Қатысушылар тізімінен шеттетуге негіз болып табылады.

## 6. ІС-ШАРАНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Іс-шараның төменде көрсетілген жүлде қоры Ұйымдастырушының қаражаты есебінен қалыптасады:

1) Sony PS5 Pulse 3D (CFI-ZWH1) сымсыз ойын гарнитуралары бар Sony PlayStation 5 Slim ойын консолі (бұдан әрі – «**Жүлделер**») - бес (5) дана;

2) The Coca-Cola Company және FIFA сауда белгілерінің суреттері бар жарнамалық кәдесыйлар (стақандар, сөмкелер және доптар) (бұдан әрі – «**Кәдесыйлар**») – бір мың төрт жүз (1400) дана.

6.2. Осы Іс-шара аясында Кәдесыйлар Ұйымдастырушының брендіне деген қызығушылықты арттыру, оны насихаттау және оған деген адалдықты қалыптастыру мақсатында ойнатылады және беріледі. Кәдесыйлар жүлде ретінде танылмайды, ал олардың ұтыс ойыны мен таратылуы тек Қатысушылардың Ұйымдастырушының ынталандыру іс-шараларына қатысуға деген қызығушылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

6.3. Жүлделер мен Кәдесыйлар қайтарылмайды, айырбасталмайды немесе ақшалай баламаға немесе басқа да өтемақы түріне ауыстырылмайды. Жүлделер мен Кәдесыйлардың шынайы қасиеттері, сыртқы түрі, құрамы және басқа да параметрлері Ұйымдастырушы мен Серіктестің жарнамалық материалдарында, веб-сайттарында, әлеуметтік желілерде және басқа да ақпараттық ресурстарында көрсетілген суреттер мен сипаттамалардан өзгеше болуы мүмкін. Ұйымдастырушы өзіне тәуелді емес себептерге байланысты жарияланған Жүлделер мен Кәдесыйларды ұсына алмаған жағдайда олардың орнына құны мен тұтынушылық қасиеттері пара-пар Жүлделер мен Кәдесыйлар ұсынуға құқылы.

## 7. ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

7.1. Іс-шараға қатысу үшін Іс-шара кезеңі мен аумағында келесі әрекеттерді рет-ретімен орындау қажет:

1) Іс-шараға қатысатын кез-келген Тауардың кемінде үш (3) данасын сатып алыңыз;

2) Саудаңызды дәлелдейтін арнайы QR коды бар бақылау-кассалық машина чегін (бұдан әрі – «**БКМ чегі**») алыңыз;

3) QR кодын сканерлеп, оны www.galmart.kz веб-сайтында тіркеңіз.

Жоғарыда аталған әрекеттерді орындаған тұлға осы Ереженің талаптары мен шарттарын орындаған жағдайда Іс-шараға қатысушы (бұдан әрі – «**Қатысушы**») ретінде танылады.

7.2. Әрбір тіркелген QR коды Жүлде немесе Кәдесый ұтып алуға бір мүмкіндік береді.

7.3. Қатысушы неғұрлым көп QR кодын тіркесе, соғұрлым оның Жүлде немесе Кәдесый ұтып алу мүмкіндігі арта түседі.

7.4. QR кодын тіркеп, Іс-шараға қатысу үшін алдымен міндетті түрде www.galmart.kz веб-сайтында тіркелу қажет.

7.5. Жүктелген БКМ чектерінің түпнұсқаларын бүкіл Іс-шара кезеңі бойы, соның ішінде Жүлде мен Кәдесый табыстау кезеңі бойы сақтау қажет. Жүлде мен Кәдесый тек жеңімпаз QR коды бар жүктелген БКМ чегінің түпнұсқасы көрсеткен кезде ғана беріледі.

7.6. Іс-шара барысында сатып алынған Тауар толықтай немесе ішінара қайтарылған жағдайда, тиісті БКМ чегі жарамсыз деп танылып, өз күшін жояды да, тиісті тұлға сол БКМ чегін пайдаланып, ұтыс ойынына қатысу құқығынан айырылады.

7.7. БКМ чегінің түпнұсқасы жоғалған немесе болмаған жағдайда Ұйымдастырушы мен Серіктес жеңімпаз QR коды бар БКМ чегі дәл сол Қатысушыға тиесілі екенін растайтын ақпарат пен материалдар негізінде Жүлде немесе Кәдесыйды табыстау туралы өзара шешім қабылдауы мүмкін.

## 8. ЖҮЛДЕЛЕР МЕН КӘДЕСЫЙЛАРДЫҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ

8.1. Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойынын Серіктестің уәкілетті өкілдері төмендегі кестеге сәйкес өткізеді:

| № | Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойыны өтетін күндер | **Ұтыс ойынына қатысқан Жүлделер мен Кәдесыйлардың саны** |
|---|---|---|
| 1 | 30.04.2026 ж., Алматы уақыты бойынша сағат 16:00-де | 281 дн. |
| 2 | 14.05.2026 ж., Алматы уақыты бойынша сағат 16:00-де | 281 дн. |
| 3 | 28.05.2026 ж., Алматы уақыты бойынша сағат 16:00-де | 281 дн. |
| 4 | 11.06.2026 ж., Алматы уақыты бойынша сағат 16:00-де | 281 дн. |
| 5 | 01.07.2026 ж., Алматы уақыты бойынша сағат 16:00-де | 281 дн. |

CONFIDENTIAL

8.2. Кестеге сәйкес Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойыны өтетін күні Серіктестің уәкілетті өкілдері Жүлделер мен Кәдесыйлардың белгіленген ұтыс ойыны күніне дейін Қатысушылар тіркеген барлық QR кодтарын www.galmart.kz веб-сайтына жүктеп, бірыңғай дерекқор құрады да, ұтыс ойынын өткізеді. Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойынын өткізіп, жеңімпаздарды (бұдан әрі – «**Жеңімпаздар**») анықтау үшін Серіктес өзінің жеке формуласын қолданады. Әрбір жеңімпаз QR коды келесі Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойынына қатыстырылмайды.
8.3. Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойынының ашықтығы мен ережеге сай өтуін қамтамасыз ету үшін әрбір ұтыс ойыны алдында Серіктес өзінің және Ұйымдастырушының үш (3) өкілінен тұратын комиссия (бұдан әрі – «**Комиссия**») құрады. Комиссия мүшелері өздерінің арасынан Комиссияның жұмысына ұйымдастырушылық және техникалық қолдау көрсететін Комиссия хатшысын сайлайды. Комиссияның міндеті – Жүлделер мен Кәдесыйлардың осы Ережеге сәйкес ұтысқа салынуын қадағалау, тиісті акт толтырып, оған қол қою арқылы ұтыс нәтижелерін тіркеу және растау, Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойыны барысында хаттама жүргізіп, оны ресімдеу, және ұтыс ойыны аяқталуы туралы акт жасау.
8.4. Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойыны өткеннен кейін екі (2) жұмыс күні ішінде Серіктестің уәкілетті өкілдері Жеңімпаздардың соңғы тізімін құрып, оны www.galmart.kz веб-сайтына жариялайды. Жеңімпаздарға Жүлделер мен Кәдесыйларды алу тәртібі мен шарттары туралы қосымша хабарланады.

## 9. ЖҮЛДЕЛЕР МЕН КӘДЕСЫЙЛАРДЫ ТАБЫСТАУ

9.1. Жүлделер мен Кәдесыйларды «Эй Эс Эл Казахстан» ЖШС, БСН: 191040029126 (бұдан әрі – «**Агенттік**») табыстайды. Агенттік – Жүлделер мен Кәдесыйларды табыстау үшін, сондай-ақ Іс-шара барысында Жеңімпаздармен хабар алысу үшін Ұйымдастырушы тарапынан жұмылдырылған тарап.

9.2. Агенттік Жүлделер мен Кәдесыйларды келесі кезеңдерде табыс етеді:

1) 30.04.2026 ж. мен 14.05.2026 ж. аралығында;

2) 14.05.2026 ж. мен 28.05.2026 ж. аралығында;

3) 28.05.2026 ж. мен 11.06.2026 ж. аралығында;

4) 11.06.2026 ж. мен 01.07.2026 ж. аралығында;

5) 01.07.2026 ж. мен 14.07.2026 ж. аралығында.

9.3. Жүлделер мен Кәдесыйлар осы Ереженің 9.2.-тармағында көрсетілген әрбір ұтыс ойыны кезеңінің соңында табыс етіледі.

9.4. Агенттік Жүлделер мен Кәдесыйларды келесі әдістердің бірімен табыстайды:

1) Жеңімпаз Агенттік белгілеген алу пунктіне өзі келіп, алып кетеді;

2) Жеңімпазбен келісілген мекенжайға курьер жеткізеді;

3) Агенттік өзі белгілеп, Жеңімпазға ұтыс туралы хабарлаған кезде хабарланатын басқа да ақылға қонымды жолмен табыс етеді.

9.5. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз келесі талаптарды орындауы тиіс:

1) осы Ереженің 9.4-тармағында көрсетілген әдістердің бірін пайдалану;

2) өзінің жеке басын куәландыратын құжатты Агенттікке көрсету;

3) жеке табыс салығын төлеу үшін Агенттікке тиісті ақпаратты немесе құжаттарды беру;

4) Жүлде туралы хабарлау және оны алу актісіне қол қою;

5) осы Ережеде көрсетілген мақсаттарға қажет болған жағдайда жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісімге қол қою.

9.6. Ұйымдастырушы мен Агенттік Жүлдені немесе Кәдесыйды Жеңімпазға табыс еткен сәтте оны табыс ету міндетін орындаған болып есептеледі. Жүлде туралы хабарлау және оны алу актісінде көрсетілген күн Жүлде табыс етілген күн болып саналады.
9.7. Жүлделер мен Кәдесыйлардың ұтыс ойын нәтижелері ресми түрде жарияланған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеңімпаз Жүлдені немесе Кәдесыйды алу ниетін растауға және оны 2026 жылдың 14-шілдесінен (қоса алғанда) кешіктірмей алуға міндетті. Егер Жеңімпаз көрсетілген мерзімде Жүлдені немесе Кәдесыйды алу ниетін растамаса, оны алуға келмесе немесе басқа себептермен алудан бас тартса, Ұйымдастырушы мұндай Жүлдені немесе Кәдесыйды Жеңімпаздың келісімінсіз және ешқандай өтемақы төлеместен өз қалауынша пайдалануға құқылы.
9.8. Жүлде беруге байланысты туындайтын кез-келген жеке табыс салығын (бұдан әрі – «**ЖТС**») Ұйымдастырушы өзі есептейді, ұстап қалады және төлейді. Ұйымдастырушы, Серіктес және/немесе Агенттік Жүлде иелерінен Жүлдені алу кезінде туындауы мүмкін кез-келген ЖҚС төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін ақпаратты немесе құжаттарды талап етуге құқылы. Егер Жүлде иесі Ұйымдастырушыға, Серіктеске және/немесе Агенттікке мұндай ақпаратты немесе құжаттарды беруден бас тартса, Ұйымдастырушы, Серіктес және/немесе Агенттік Жүлде беруден бас тартуға құқылы.

## 10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ

10.1. Іс-шара аясындағы Жүлделердің немесе Кәдесыйлардың ұтыс ойыны мен берілуі бұқаралық ақпарат құралдары қатысатын қоғамдық іс-шара түрінде ұйымдастырылып, Жүлде немесе Кәдесый беру процесінің аудио, фото және (немесе) бейне түсірілімі жүргізілуі мүмкін. Іс-шараға қатыса отырып, барлық Қатысушылар автоматты түрде Ұйымдастырушыға, Серіктеске және (немесе) Іс-шараны дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын өзге де тұлғаларға өздерінің аты-жөнін, мекен-жайын, аудио, фото және (немесе) бейне жазбаларын өз қалауы бойынша Іс-шара Қатысушыларына қандай да бір өтемақы берместен жария етуге және аудио, фото және (немесе) бейне материалдарда пайдалануға рұқсат береді.

10.2. Жоғарыда көрсетілген қоғамдық іс-шара өткізілген жағдайда Ұйымдастырушының, Серіктестің өкілдері және (немесе) Іс-шараны дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын өзге де тұлғалар Қатысушыларға, Жеңімпаздарға және (немесе) олармен ілесіп жүретін адамдарға осы шарт туралы және жоғарыда көрсетілген рұқсатты және (немесе) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді беру қажеттігі туралы тиісті түрде хабарлайды.

10.3. Ұтыс ойынына қатысқан әрбір Қатысушы және Жүлдені немесе Кәдесыйды алуға келген әрбір Жеңімпаз мына шарттармен келіседі: Ұйымдастырушы, Серіктес және (немесе) Іс-шараны дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын өзге де тұлғалар Қатысушы мен Жеңімпаздың суреттерін, бейне және аудио жазбаларын өз бетінше қажет деп тапқан кез-келген нысанда жария етіп, кез-келген аудио, фото және (немесе) бейне материалдарда қолдануға құқылы және бұл орайда мұндай әрекеттері үшін Қатысушыларға, Жеңімпаздарға және (немесе) олармен ілесіп жүретін адамдарға қандай да бір өтемақы төлеуге және келешекте хабарлама жіберуге міндетті емес.

## 11. THE COCA-COLA COMPANY ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ

11.1. Осы Ережеде ешнәрсе Қатысушыға және(немесе) Жеңімпазға TCCC тауар белгілеріне иелік ету немесе олардан пайда табу құқығы беріледі дегенді білдірмейді. Ереженің шарттары да, Іс-шараға қатысу да Қатысушыға және/немесе Жеңімпазға маркетингтік немесе жарнамалық мақсаттарда, сондай-ақ Іс-шара шеңберіне қатысы жоқ және одан тыс кез-келген басқа мақсаттарда TCCC мен Ұйымдастырушының атауын, эмблемасын, тауар белгілерін немесе авторлық құқықтарын (TCCC-нің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз) пайдалану немесе атап өту құқығын бермейді. Қатысушы TCCC-нің Тауар белгілерінің жарамдылығын және TCCC-дің оларға деген иелік құқығын мойындайды және ешқашан оған шүбә келтірмейді.

11.2. Қатысушы осы Ереженің TCCC Тауар белгілеріне қатысты құқықтарды сақтау талаптарын бұзған жағдайда Ұйымдастырушы жоғарыда көрсетілген бұзушылыққа байланысты Ұйымдастырушы және (немесе) TCCC, сондай-ақ TCCC тауар белгілері бар өнімнің кез-келген басқа уәкілетті өндірушісі және (немесе) дистрибьюторы қандай да бір аумақта шеккен барлық шығындарын өтеуді талап етуге құқылы, ал Қатысушы ондай талапты бірден орындауға міндетті.

11.3. Ереженің осы бөлімі Іс-шара аяқталғаннан кейін де өз күшін жоғалтпайды.

**«COCA-COLA», «COCA-COLA ZERO SUGAR», «COKE», «COKE ZERO», «COKE LIGHT», «FANTA», «SPRITE», «PIKO», «КОНТУРЛЫ БӨТЕЛКЕ», «ДИНАМИКАЛЫҚ ТОЛҚЫН» ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ МЕН БАСҚА ДА ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ THE COCA-COLA COMPANY (ДЗЕ КОКА-КОЛА КОМПАНИ) КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

## 12. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Қатысушының құқықтары:

1) осы Ережемен, ондағы барлық өзгерістермен және толықтырулармен танысу;

2) Іс-шараға осы Ережеде белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес қатысу;

3) Жеңімпаз деп танылған және осы Ереженің шарттарын толық сақтаған жағдайда Жүлде немесе Кәдесый беруді талап ету.

12.2. Қатысушының міндеттері:

4) осы Ереженің талаптарын орындау;

5) осы Ережеде белгіленген Іс-шараға қатысу шарттарын сақтау;

6) осы Ережеде көзделген өзге де міндеттерді орындау.

## 13. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ МЕН СЕРІКТЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

13.1. Ұйымдастырушы мен Серіктестің құқықтары:

1) Қатысушылардан осы Ережені сақтауды талап ету;

2) осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Іс-шараны тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, доғару немесе күшін жою;

4) Жүлде қорына кіретін Жүлделердің мазмұнын, құрамын және санын өзгерту және толықтыру;

5) осы Ережеде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыс нысандарын жүргізбеу;

6) осы Ереже талаптарын орындамаған немесе бұзған, өзі туралы дәйексіз немесе ішінара мәліметтер ұсынған, сондай-ақ Іс-шараның мақсаттарына, рәсіміне немесе рухына қайшы келетін өзге де іс-әрекеттер жасаған Жеңімпазға Жүлде немесе Кәдесый беруден бас тарту;

7) осы Ережеде белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

13.2. Ұйымдастырушы мен Серіктестің міндеттері:

1) Іс-шараны осы Ережеде белгіленген тәртіп пен шарттарға сай жүргізу;

2) осы Ереженің барлық талаптарын орындаған Жеңімпаздарға Жүлделер мен Кәдесыйлардың берілуін қамтамасыз ету;

3) Қатысушылармен туындаған дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған тәртіппен қарау және реттеу;

4) осы Ережеде және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда Қатысушы берген ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу.

## 14. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ШЕКТЕЛУІ

14.1. Ұйымдастырушы және Серіктес Іс-шараға қатысуға тікелей немесе жанама байланысы бар қандай да бір келесі іс-әрекеттер, олқылықтар, мән-жайлар немесе салдарлар үшін жауап бермейді, оның ішінде: Қатысушының (Жеңімпаздың) осы Ережені дұрыс түсінбеуі; Іс-шараға қатысу шарттарының сақталмауы; www.galmart.kz веб-сайтында деректердің дұрыс, толық немесе дәл енгізілмеуі; Жүлделердің және Кәдесыйлардың Қатысушының (Жеңімпаздың) субъективті үміттеріне сәйкес келмеуі; Іс-шара аумағында Тауарлардың болмауы; жабдықтағы, байланыстағы, бағдарламалық жасақтамадағы немесе www.galmart.kz веб-сайтының жұмысындағы ақаулар; Қатысушының немесе үшінші тұлғалардың кінәсінен дербес деректердің жоғалуы, рұқсатсыз пайдаланылуы немесе жариялануы; адам жасы мен басқа да ерекшеліктеріне қатысты шектеулердің сақталмауы; сондай-ақ Іс-шараны өткізуге, Жеңімпазды айқындауға немесе Жүлделер мен Кәдесыйларды алуға әсер ететін форс-мажорлық жағдайлардың туындауы.

## 15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1. Осы Ереже алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді де, Ұйымдастырушы мен Серіктестің осы Ережеде қарастырылған барлық міндеттері толық орындалғанға дейін қолданылады.

15.2. Ұйымдастырушы мен Серіктестің Іс-шараны дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты барлық шешімдері ақырғы және барлық Қатысушылар үшін міндетті болып табылады және осы Ережеде нақты көрсетілген жағдайларды есептемегенде қайта қарауға, талқылауға немесе шағымдануға жатпайды.

15.3. Осы Ереженің кез-келген шартының жарамсыздығы немесе қолданылмауы Ереженің басқа шарттарының жарамсыздығына немесе қолданылмауына әкеп соқпайды, олар өздерінің заңды күшін сақтайды.

15.4. Ұйымдастырушы мен Серіктес өз қалауы бойынша осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ кез-келген уақытта Іс-шараны тоқтата тұруға, қайта бастауға, ұзартуға, доғаруға немесе күшін жоюға құқылы.

15.5. Ұйымдастырушы мен Серіктестің осы Ережеге енгізген кез-келген өзгерістері мен толықтырулары www.galmart.kz веб-сайтында, жариялануы тиіс.

15.6. Ұйымдастырушы мен Серіктестің Іс-шара күшін жою, тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту немесе доғару туралы барлық шешімдері www.galmart.kz веб-сайтында, жариялануы тиіс.

15.7. Осы Ережеде көрсетілген барлық мерзімдер Қазақстан Республикасы, Алматы қаласының уақытымен есептеледі.

CONFIDENTIAL

**ПРАВИЛА ПРОВЕДЕНИЯ СТИМУЛИРУЮЩЕГО МЕРОПРИЯТИЯ**
**«СМОТРИ FIFA WORLD CUP 26™ С COCA-COLA И ВЫИГРЫВАЙ ПРИЗЫ!»**

## 16. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.6. Настоящие правила проведения стимулирующего мероприятия (далее – «**Правила**») регулируют порядок и условия проведения стимулирующего мероприятия «Смотри FIFA World Cup 26™ с Coca-Cola и выигрывай призы!» (далее – «**Мероприятие**»).

1.7. Целью Мероприятия является стимулирование продаж безалкогольных напитков, производимых (импортируемых), реализуемых и рекламируемых ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс» под товарными знаками The Coca-Cola Company (Дзе Кока-Кола Компани).

1.8. Участие в Мероприятии является добровольным и совершение лицом любых действий, направленных на участие в Мероприятии означает полное и безоговорочное принятие условий настоящих Правил без каких-либо изъятий и ограничений.

1.9. Мероприятие не является лотереей, азартной игрой, пари либо иным основанным на риске соглашением в соответствии с законодательством Республики Казахстан, а также не требует внесения какой-либо отдельной платы за участие в ней.

1.10. Настоящие Правила доступны для ознакомления на казахском и русском языка на интернет-ресурсе www.galmart.kz. В случае расхождений между версиями Правил на казахском и русском языках приоритет имеет версия на русском языке.

## 17. ОРГАНИЗАТОР И ПАРТНЁР МЕРОПРИЯТИЯ

2.3 Организатором Мероприятия является ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс», БИН: 010140000669, зарегистрированное по адресу: Казахстан, г. Алматы, Алмалинский р-н, ул. Гоголя, д. 203/73, A05D0G0 (далее – «**Организатор**»).

2.4 Партнёром Мероприятия является ТОО «Жеті Аспан», БИН: 100840010829, зарегистрированное по адресу: Казахстан, г. Астана, Есильский р-н, ул. Достык, д. 12, кв. 154, 010000 (далее – «**Партнёр**»).

## 18. ПЕРИОД И ТЕРРИТОРИЯ ПРОВЕДЕНИЯ МЕРОПРИЯТИЯ

3.3 Мероприятие проводится в период с 10:00 часов 15.04.2026 года по 23:59 часов 30.06.2026 года по времени г. Алматы.

3.4 Мероприятие проводится в стационарных торговых объектах, входящих в торговую сеть «galmart» и расположенных на территории Республики Казахстан. Актуальный перечень и адрес торговых объектов, участвующих в Мероприятии, размещен на официальном интернет-ресурсе торговой сети «galmart»: www.galmart.kz.

## 19. ТОВАРЫ, УЧАСТВУЮЩИЕ В МЕРОПРИЯТИИ

4.2. В Мероприятии участвуют товары Организатора (далее – «**Товары**»), перечень которых приведен ниже:

| № | Наименование Товара | Объём | Упаковка | Штрихкод |
|---|---|---|---|---|
| 13 | COCA-COLA CLASSIC | 500 мл | ПЭТ | 54491472 |
| 14 | COCA-COLA ZERO SUGAR | 500 мл | ПЭТ | 5449000131836 |
| 15 | FANTA АПЕЛЬСИН | 500 мл | ПЭТ | 40822938 |
| 16 | SPRITE | 500 мл | ПЭТ | 54491069 |
| 17 | COCA-COLA CLASSIC | 450 мл | Ж/Б | 5449000058782 |
| 18 | COCA-COLA ZERO SUGAR | 450 мл | Ж/Б | 5449000335159 |
| 19 | FANTA АПЕЛЬСИН | 450 мл | Ж/Б | 5449000325907 |
| 20 | FANTA ЛИМОНАД | 450 мл | Ж/Б | 5449000329424 |
| 21 | FANTA ГРАНАТ | 450 мл | Ж/Б | 5449000337634 |
| 22 | FANTA АНАНАС | 450 мл | Ж/Б | 5449000105950 |
| 23 | SPRITE | 450 мл | Ж/Б | 5449000325891 |
| 24 | SPRITE МОХИТО | 450 мл | Ж/Б | 5449000345066 |

## 20. УЧАСТНИКИ МЕРОПРИЯТИЯ

5.6. В Мероприятии могут принять участие следующие лица:

3) дееспособные граждане Республики Казахстан, достигшие возраста 18 (восемнадцать) лет на момент участия в Мероприятии;

4) дееспособные граждане иностранных государств, имеющие вид на жительство в Республике Казахстан и постоянно проживающие на её территории, достигшие возраста 18 (восемнадцать) лет на момент участия в Мероприятии.

5.7. К участию в Мероприятии не допускаются следующие лица:

5) лица, не соответствующие требованиям пункта 5.1. настоящих Правил;

6) работники, должностные лица и уполномоченные представители Организатора, Партнёра и их аффилированных лиц;

7) работники, должностные лица и уполномоченные представители третьих лиц, прямо или косвенно задействованных в подготовке, организации и проведении Мероприятия, а также аффилированные лица данных третьих лиц;

8) близкие родственники лиц, указанных в подпунктах 2) и 3) настоящего пункта, в значении, установленном Кодексом Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье».

CONFIDENTIAL

5.8. Участие в Мероприятии ограниченно дееспособных и недееспособных лиц осуществляется через их законных представителей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

5.9. В случае выявления Организатором или Партнёром факта участия лица, не имеющего права на участие в Мероприятии, Организатор и Партнёр имеют право отказать такому лицу в признании его Участником или Победителем, отказать в выдаче Приза или Сувенира без возмещения каких-либо расходов, а также потребовать возврата ранее выданного Приза или Сувенира.

5.10. Участник Мероприятия обязан самостоятельно удостовериться в отсутствии ограничений на участие и в своём соответствии требованиям настоящих Правил. Организатор и Партнёр не несут ответственности за участие лиц, не имеющих права на участие. Предоставление недостоверных сведений является основанием для исключения из числа Участников.

## 21. ПРИЗОВОЙ ФОНД МЕРОПРИЯТИЯ

6.4. Призовой фонд Мероприятия формируется за счёт средств Организатора и состоит из:

3) игровых консолей Sony PlayStation 5 Slim с беспроводными игровыми гарнитурами Sony PS5 Pulse 3D (CFI-ZWH1) в количестве 5 (пяти) единиц (далее – «**Призы**»);

4) рекламных сувениров (стаканы, сумки и мячи), брендированных изображениями товарных знаков The Coca-Cola Company и FIFA в количестве 1400 (тысяча четыреста) единиц (далее – «**Сувениры**»).

6.5. В рамках настоящего Мероприятия Сувениры разыгрываются и предоставляются в целях повышения вовлечённости, продвижения и формирования лояльного отношения к бренду Организатора. Сувениры не признаются Призами, а их розыгрыш и предоставление осуществляется исключительно в целях поддержания интереса Участников к последующему участию в стимулирующих мероприятиях Организатора.

6.6. Призы и Сувениры не подлежат возврату, обмену или замене на денежный эквивалент их стоимости либо иные формы компенсации. Фактические свойства, внешний вид, комплектация и иные параметры Призов и Сувениров могут отличаться от изображений и описаний, представленных в рекламных материалах, на интернет-ресурсе, социальных сетях и иных информационных ресурсах Организатора и Партнёра. Организатор имеет право заменить Призы и Сувениры на иные, равнозначные по стоимости и потребительским свойствам, в случае невозможности передачи заявленных Призов и Сувениров по причинам, не зависящим от Организатора.

## 22. ПОРЯДОК И УСЛОВИЯ УЧАСТИЯ В МЕРОПРИЯТИИ

7.8. Для участия в Мероприятии необходимо последовательно выполнить следующие действия в период и на территории его проведения:

4) совершить покупку, включающую не менее 3 (трёх) единиц любого Товара, участвующего в Мероприятии;

5) получить за покупку чек контрольно-кассовой машины (далее – «**Чек ККМ**»), содержащий специальный QR-код;

6) отсканировать QR-код и зарегистрировать его на интернет-ресурсе www.galmart.kz.

Лицо, совершившее вышеуказанные действия признается участником Мероприятия (далее – «**Участник**») при условии соблюдения требований и условий настоящих Правил.

7.9. Каждый зарегистрированный QR-код равен 1 (одному) шансу на выигрыш Приза или Сувенира.

7.10. Чем больше QR-кодов зарегистрировано Участником, тем выше его шансы на выигрыш Приза или Сувенира.

7.11. Наличие или прохождение регистрации на интернет-ресурсе www.galmart.kz является обязательным условием для регистрации QR-кода и участия в Мероприятии.

7.12. Оригиналы загруженных Чеков ККМ должны быть сохранены в течение всего периода проведения Мероприятия, включая период вручения Призов и Сувениров. Призы и Сувениры вручаются только при наличии оригинала загруженного Чека ККМ, содержащего выигрышный QR-код.

7.13. В случае полного или частичного возврата Товаров, приобретенных в рамках Мероприятия, соответствующий Чек ККМ признается недействительным и аннулируется, а соответствующее лицо утрачивает право на участие в розыгрыше по такому Чеку ККМ.

7.14. В случае утраты или отсутствия оригинала Чека ККМ, Приз или Сувенир может быть выдан по совместному решению Организатора и Партнёра на основании сведений и материалов, свидетельствующих о том, что Чек ККМ с выигрышным QR-кодом был получен Участником.

## 23. РОЗЫГРЫШ ПРИЗОВ И СУВЕНИРОВ

8.5. Розыгрыш Призов и Сувениров проводится уполномоченными представителями Партнёра в соответствии с графиком ниже:

| № | Дата и время розыгрыша Призов и Сувениров | Кол-во Призов и Сувениров, участвующих в розыгрыше |
|---|---|---|
| 6 | 30.04.2026 года в 16:00 по времени г. Алматы | 281 шт. |
| 7 | 14.05.2026 года в 16:00 по времени г. Алматы | 281 шт. |
| 8 | 28.05.2026 года в 16:00 по времени г. Алматы | 281 шт. |
| 9 | 11.06.2026 года в 16:00 по времени г. Алматы | 281 шт. |
| 10 | 01.07.2026 года в 16:00 по времени г. Алматы | 281 шт. |

8.6. В назначенную дату розыгрыша Призов и Сувениров уполномоченные представители Партнёра осуществляют выгрузку всех QR-кодов, зарегистрированных Участниками на интернет-ресурсе www.galmart.kz до назначенной даты розыгрыша Призов и Сувениров для формирования единой базы и проведения розыгрыша. Розыгрыш Призов и Сувениров, а также определение победителей (далее – «**Победители**») проводится Партнёром с использованием собственной формулы Партнёра. Каждый выигрышный QR-код исключается из последующих розыгрышей Призов и Сувениров.

CONFIDENTIAL

8.7. С целью обеспечения прозрачности и соблюдения порядка проведения розыгрыша Призов и Сувениров, перед каждым розыгрышем Партнёром формируется комиссия (далее – «**Комиссия**»), состоящая из представителей Партнёра и Организатора в составе 3 (трёх) человек. Члены Комиссии избирают из своего состава секретаря Комиссии, который осуществляет организационно-техническое сопровождение работы Комиссии. В обязанности Комиссии входит контроль и мониторинг за процессом розыгрыша Призов и Сувениров в соответствии с настоящими Правилами, фиксация и подтверждение результатов розыгрыша путём составления и подписания соответствующего акта, а также ведение и оформление протокола в процессе розыгрыша Призов и Сувениров, а также составление акта по завершению розыгрыша.

8.8. В течение 2 (двух) рабочих дней с даты проведения розыгрыша Призов и Сувениров уполномоченные представители Партнёра формируют итоговый список Победителей и размещают его на интернет-ресурс www.galmart.kz. Победители дополнительно уведомляются о порядке и условиях получения Призов и Сувениров.

## 24. ВРУЧЕНИЕ ПРИЗОВ И СУВЕНИРОВ

9.9. Вручение Призов и Сувениров осуществляется ТОО «Эй Эс Эл Казахстан», БИН: 191040029126 (далее – «**Агентство**»), привлеченного Организатором для организации вручения Призов и Сувениров, а также коммуникацию с Победителями в ходе Мероприятия.

9.10. Вручение Призов и Сувениров проводится Агентством в следующие периоды:

6) с 30.04.2026 года по 14.05.2026 года;

7) с 14.05.2026 года по 28.05.2026 года;

8) с 28.05.2026 года по 11.06.2026 года;

9) с 11.06.2026 года по 01.07.2026 года;

10) с 01.07.2026 года по 14.07.2026 года.

9.11. Вручение Призов и Сувениров осуществляется по завершении каждого розыгрыша в периоды, указанные в пункте 9.2. настоящих Правил.

9.12. Вручение Призов и Сувениров осуществляется Агентством одним из следующих способов:

4) самовывозом Победителем из пункта выдачи, определённого Агентством;

5) курьерской доставкой по адресу, согласованному с Победителем;

6) иным разумным способом, определённого Агентством и доведённым до сведения Победителя при уведомлении о выигрыше.

9.13. Для получения Приза Победитель обязан:

6) воспользоваться одним из способов, указанных в п. 9.4. настоящих Правил;

7) предъявить Агентству документ, удостоверяющий личность Победителя;

8) предоставить Агентству информацию или документы для оплаты индивидуального подоходного налога;

9) подписать Акт об уведомлении и получении Приза;

10) подписать согласие на сбор и обработку персональных данных, если это требуется для целей, предусмотренных настоящими Правилами.

9.14. Обязательства Организатора и Агентства по вручению Приза или Сувенира считаются выполненными в момент его вручения Победителю. Датой вручения Приза считается дата, указанная в акте об уведомлении и получении Приза.

9.15. Победитель обязан в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента официального объявления результатов розыгрыша Призов и Сувениров подтвердить своё намерение получить Приз или Сувенир, а также фактически получить его не позднее 14 июля 2026 года (включительно). В случае, если Победитель не подтвердит своё намерение получить Приз или Сувенир в установленный срок, не явится за ними либо откажется от получения по любой иной причине, Организатор вправе по своему усмотрению распорядиться таким Призом или Сувениров без согласия Победителя и без выплаты какой-либо компенсации.

9.16. Организатор самостоятельно несёт обязательства по исчислению, удержанию и уплате индивидуального подоходного налога (далее – «**ИПН**»), возникающего в связи с вручением Призов. Организатор, Партнёр и (или) Агентство имеют право потребовать от обладателей Призов предоставления информации или документов, необходимых согласно законодательству Республики Казахстан для оплаты ИПН с физического лица, который может возникнуть при получении Призов. В случае отказа обладателя Приза в предоставлении Организатору, Партнёру и (или) Агентству такой информации или документов, Организатор, Партнёр и (или) Агентство оставляют за собой право отказать в выдаче Приза.

## 25. СБОР И ОБРАБОТКА ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

10.4. Розыгрыш и выдача Призов или Сувениров в рамках Мероприятия может быть организовано в виде публичного мероприятия с участием средств массовой информации, которые могут производить аудиозапись, фотосъёмку и (или) видеосъёмку процесса розыгрыша и выдачи Призов или Сувениров. Участвуя в Мероприятии, все Участники автоматически дают своё согласие на то, что их имена, адреса, аудиозаписи, изображения и видеозаписи могут придаваться огласке и использоваться в аудио-, фото- и видеоматериалах Организатором, Партнёром и (или) иными лицами, задействованными в подготовке, организации и проведении Мероприятия по собственному усмотрению без предоставления какой-либо компенсации Участникам Мероприятия.

10.5. В случае организации и проведения вышеуказанного публичного мероприятия, представители Организатора, Партнёра и (или) иные лица, задействованные в подготовке, организации и проведении Мероприятия надлежащим образом информируют Участников, Победителей и (или) лиц, сопровождающих их о данном условии и необходимости предоставить вышеуказанное согласие и (или) согласие на сбор и обработку персональных данных.

CONFIDENTIAL

10.6. Каждый Участник, участвующий в розыгрыше и Победитель, обратившийся за получением Приза или Сувенира, дает свое согласие на то, что его или её Ф.И.О, изображение, видео- и аудиозаписи могут быть обнародованы в любом виде, в котором Организатор, Партнёр и (или) иные лица, задействованные в подготовке, организации и проведении Мероприятия посчитают нужным по собственному усмотрению, и могут быть использованы Организатором, Партнёром и (или) иными лицами, задействованными в подготовке, организации и проведении Мероприятия в любых аудио-, фото- и видеоматериалах без дополнительного согласия или разрешения от Участников, Победителей и (или) лиц, сопровождающих их, без выплаты какой-либо компенсации Участникам, Победителям и (или) лицам, сопровождающих их и без необходимости уведомлять их в дальнейшем.

## 26. ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ THE COCA-COLA COMPANY

11.4. Ничто в настоящих Правилах не должно толковаться как предоставление Участнику и (или) Победителю права владения или получения выгоды в отношении Товарных Знаков ТССС. Ни условия Правил, ни участие в Мероприятии не дают Участнику и (или) Победителю права на использование или упоминание (без предварительного письменного разрешения ТССС) названия, эмблемы, товарных знаков или авторских прав ТССС и Организатора для маркетинговых или рекламных целей, а также для любых других целей, не относящихся и выходящих за рамки проведения Мероприятии. Участник признаёт и не будет никогда подвергать сомнению действительность Товарных Знаков ТССС и право собственности ТССС на них.

11.5. В случае нарушения Участником условий настоящих Правил о соблюдении прав на Товарные Знаки ТССС, Организатор вправе потребовать, а Участник обязуется по первому требованию Организатора возместить все убытки, понесённые Организатором и (или) ТССС, а также каким-либо другим авторизованным производителем и (или) дистрибьютором продукции с Товарными Знаками ТССС на той или иной территории в связи с вышеуказанным нарушением.

11.6. Настоящий раздел Правил продолжает действовать после окончания Мероприятия.

**ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ «COCA-COLA», «COCA-COLA ZERO SUGAR», «COKE», «COKE ZERO», «COKE LIGHT», «FANTA», «SPRITE», «PIKO», «КОНТУРНАЯ БУТЫЛКА», «ДИНАМИЧЕСКАЯ ВОЛНА» И ДРУГИЕ ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ ЯВЛЯЮТСЯ ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫМИ ТОВАРНЫМИ ЗНАКАМИ КОМПАНИИ THE COCA-COLA COMPANY (ДЗЕ КОКА-КОЛА КОМПАНИ).**

## 27. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ УЧАСТНИКА

12.3. Участник имеет право:

1) ознакомиться с настоящими Правилами, включая все изменения и дополнения к ним;

2) принимать участие в Мероприятии в порядке и на условиях, установленных настоящими Правилами;

3) требовать выдачи Приза или Сувенира в случае признания его Победителем и при полном соблюдении условии настоящих Правил.

12.4. Участник обязан:

7) соблюдать положения и требования настоящих Правил;

8) соответствовать требованиям и условиям для участия в Мероприятии, установленные настоящими Правилами;

9) выполнять иные обязанности, предусмотренными настоящими Правилами.

## 28. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ОРГАНИЗАТОРА И ПАРТНЁРА

13.3. Организатор и Партнёр имеют право:

8) требовать от Участников соблюдения настоящих Правил;

9) вносить изменения и дополнения в настоящие Правила;

10) приостанавливать, возобновлять, продлевать, завершать или отменять проведение Мероприятия;

11) изменять и дополнять содержание, состав и количество Призов и Сувениров, входящих в призовой фонд;

12) не вступать в письменные переговоры или иные формы коммуникации с Участниками, за исключением случаев, прямо предусмотренных настоящими Правилами либо действующим законодательством Республики Казахстан;

13) отказать в выдаче Приза или Сувенира Победителю, который не выполнил или нарушил условия настоящих Правил, предоставил недостоверные либо неполные сведения о себе, а также в случае совершения им иных действий, противоречащих целям, порядку или духу проведения Мероприятии;

14) осуществлять иные права, установленные в настоящих Правилах.

13.4. Организатор и Партнёр обязаны:

5) провести Мероприятие в порядке и на условиях, установленных настоящими Правилами;

6) обеспечить выдачу Призов и Сувениров Победителям, выполнившим все требования настоящих Правил;

7) рассматривать и разрешать споры с Участниками в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

8) не разглашать информацию, предоставленную Участником, третьим лицам, за исключением случаев, предусмотренных настоящими Правилами и (или) действующим законодательством Республики Казахстан.

## 29. ОГРАНИЧЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

14.2. Организатор и Партнёр не несут ответственности за любые действия, упущения, обстоятельства или последствия, прямо или косвенно связанные с участием в Мероприятии, включая, но не ограничиваясь: неверным толкованием Участником (Победителем) настоящих Правил; несоблюдением требований и условий участия в Мероприятии; некорректным, неполным или неточным указанием

данных на интернет-ресурсе www.galmart.kz; несоответствием Призов и Сувениров субъективным ожиданиям Участника (Победителя); отсутствием Товаров на территории проведения Мероприятия; сбоями в работе оборудования, связи, программного обеспечения или интернет-ресурса www.galmart.kz; утратой, несанкционированным использованием или разглашением персональных данных по вине самого Участника или третьих лиц; несоблюдением возрастных и иных ограничений; а также наступлением обстоятельств непреодолимой силы, влияющих на проведение Мероприятия, определение Победителя или получение Призов и Сувениров.

## 30. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

15.8. Настоящие Правила вступают в силу с даты их первого официального опубликования и действуют до полного исполнения Организатором и Партнёром обязательств, предусмотренных настоящими Правилами.

15.9. Решения Организатора и Партнёра по всем вопросам, связанным с подготовкой, организацией и проведением Мероприятия, являются окончательными, обязательными для всех Участников и не подлежат пересмотру или обжалованию, за исключением случаев, прямо предусмотренных настоящими Правилами.

15.10. Недействительность или неприменимость какого-либо положения настоящих Правил не влечет недействительности или неприменимости иных положений Правил, которые сохраняют свою юридическую силу.

15.11. Организатор и Партнёр имеют право по собственному усмотрению вносить изменения и дополнения в настоящие Правила, а также в любое время приостанавливать, возобновлять, продлевать, завершать или отменять проведение Мероприятие.

15.12. Любые изменения и дополнения, вносимые Организатором и Партнёром в настоящие Правила, подлежат публикации на интернет-ресурсе www.galmart.kz.

15.13. Все решения Организатора и Партнёра об отмене, приостановлении, возобновлении, продлении или завершении Мероприятия подлежат публикации интернет-ресурсе www.galmart.kz.

15.14. Все сроки, указанные в настоящих Правилах, исчисляются по времени города Алматы, Республика Казахстан.

CONFIDENTIAL